**Еңбекке қабілеттілігін жоғалту жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау**

| | |
|---|---|
| **Мемлекеттік орган** | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| **Қызметті алушылар** | жеке тұлғалар |
| **Қызмет көрсету орны** | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы<br>2) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі - МӘС бөлімшесі) |
| **Қызметті көрсету мерзімдері** | 8 (сегіз) жұмыс күні<br><br>"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 минут, МӘС бөлімшесінде күтудің қажеті жоқ<br><br>"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында көрсетілетін қызметты алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 20 минут<br><br>МӘС бөлімшесінде - 30 минут. |
| **Қызмет құны** | тегін |
| **Құжаттар тізбесі** | "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына:<br><br>1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе оралман мәртебесі бар адамдар үшін оралман куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі;<br><br>2) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін - Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы);<br><br>МӘС бөлімшесінде:<br><br>1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе оралман мәртебесі бар адамдар үшін оралман куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі;<br><br>2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін - Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы). |
| **Қызмет көрсету нәтижесі** | Осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша |

| | |
|---|---|
| | әлеуметтік тәуекелдер жағдайына әлеуметтік төлемдер тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама<br><br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық / қағаз түрінде |
| **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** | http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020838 |